



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024 - 2025 оқу жылына ариалған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру үйімі: Нұра ЖББМ «Айголек» шағын-орталығы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың күрылу кезеңі: наурыз 2025 жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|--------|---------------------------|--|
| Наурыз | Дене шынықтыру | <ul style="list-style-type: none"> -Қимылды ойындарга қызығушылықты дамыту. -Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. -Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік және т.б.) дамыту. -Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауга үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сактауға баулу. |
| | Сейлеуді дамыту | <ul style="list-style-type: none"> -Сейлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету. -Зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бүйрек райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жұр, жүтір және т.б.). -Диалогтік сейлеуді жетілдіру: -Әңгімеге қатысуга баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. |
| | Көркем әдебиет | <ul style="list-style-type: none"> -Сахналық қойылымдарға қатысуга. -Таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға. -Образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға. -Оларды басқа қырынан көрсетуге (катыгез-мейірімді, аккоңіл-салмақты) ынталандыру. |
| | Казак тілі | Педагог жоспары бойынша |
| | Математика негіздері | -Балаларды геометриялық фигурандарды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, |

| | | |
|----------------------------|--|---|
| | | <p>цилиндр) танып, атап білуге үйрету.</p> <ul style="list-style-type: none"> -Геометриялық пішіндерді кору және сипап сезу арқылы зерттеу. -Сөйлеуде сын есімдерді колданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қыскалау, кеңдеу-тарлау, жогары-томен, қалың-жұқа немесе ұзындығы. - Ені, биіктігі, қалындығы бойынша тен). |
| Коршаган ортамен таныстыру | | <ul style="list-style-type: none"> -Өсімдіктер, оларға құтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сұрту) туралы түсінікті дамыту. -Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырак, су, қун, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау. -Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабак, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. -Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді көңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орманбақша), гүлдер (бөлме, бақша және шабындық), бұталар және ағаштар (бақша және орман). |
| Құрастыру | | <ul style="list-style-type: none"> -Қазақ халқының табиги материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары және т.б.), тұрмыстық заттарымен (кубі, мес, келі, тостаган, ожау, астау, дірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. -Табиги (макта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық (қақпактың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстыргыштар және т.б.) заттардан құрастыру. -Табиги материалдардан түрлі композиция жасауга ынталандыру. -Шығармашылық қиялды дамыту, көрnekілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдалап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. |
| Сурет салу | | <ul style="list-style-type: none"> -Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуга үйрету. -Заттарды бояуда сыйбалар мен жақпаларды бір бағытта жогарыдан төменге немесе солдан онға пішіннің шеткі сзызығынан шықтай ыргакты түрде бояу. -Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сзықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сзықтарды жүргізу. -Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруга, жұмыс орнын таза ұстaugа, ұқыпты болуга, қауіпсіздікті сақтауга баулу. |
| Мұсіндеу | | <ul style="list-style-type: none"> -Ертегілер мен коршаган өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара белісу. -Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мұсіндеуге баулу. -Дайын мұсінді дөңгелек, сопак, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюоларының элементтерімен |

| | | |
|--|---------|---|
| | | безендіру. -Мұсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | Жапсыру | -Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, ғүлдер және т.б. пішінін кио және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. -Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың қолемі бойынша арақатынасын ескеру. -Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. -Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, коржынмен және т.б. таныстыру. |
| | Музыка | -Жеңіл, ыргакпен қозғалу; -Жүппен би қимылдарын орындау; -Билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. -Би қозгалысын орындау. |